

«Бекітемін»:

МКҚК №1 «Күншуақ» бөбекжай-
балабақша меңгерушісі 
Г.Ж.Барикова



«Келісілді»:

МКҚК №1 «Күншуақ» бөбекжай-
балабақша әдіскері 
Л.М.Асанова

МКҚК №1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы
«Балдаурен» мектепалды тобының 2023-2024 оқу жылына арналған
ата-аналар жұмыс жоспары

2023 - 2024 оқу жылы

Мақсаты: Балабақша мен отбасының ынтымақтастығын нығайту, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру, бала тәрбиесінде бірлескен жұмысты ұйымдастыру.
Мектепке дейінгі білім беру саласындағы ата-аналардың құзыретін арттыру үшін, балалардың біртұтас дамуын, отбасыларына жауапты қарым-қатынастарды дамыту.

Міндеттері:

Ата-аналар мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту, балалардың жан-жақты дамуына бірлесіп жағдай жасау. Ата-ананың тоң тәрбиешінің әдістемелік көмек көрсетуіне сеніммен қарап, бала тәрбиесіне қатысты ұсыныстарына жауапты қарау

Жұмыс түрлері	Мазмұны	Қатысушылар	Әдіс-тәсілдер
Қыркүйек			
Бірлескен ұжымдық жұмыс	Ата-аналар жиналысы №1 Тақырыбы: «Жаңа оқу жылындағы міндеттер және мектепалды топтың ерекшеліктері» Күн тәртібінде: Тақырыбы: «Балабақша мен отбасы – бала тәрбиесінің негізі» Ата-аналар жиналысы. Жылдық жоспармен таныстыру. Ата-аналар комитетін сайлау. Балалардың бейімделуі туралы кеңес. Қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Жеке кеңестер 5. Жаңа оқу жылының жоспарымен таныстыру.	Тәрбиешілер. Ата-аналар	Ата-аналарды оқу жылының жоспарымен таныстыру, ынтымақтастық орнату.
Ұйымдастыру-насихаттау жұмысы	«Денсаулықты қалай сақтау керек.»	Тәрбиешілер Медбике кеңесі	Кеңес
Балабақша өміріне ата-аналардың қатысуы	«Менің бақытты отбасым» отбасы суреттері Жылжымалы папка дайындау.	Тәрбиешілер. Ата-аналар	Жылжымалы папка дайындау.
Қазан			
Ұйымдастыру-насихаттау жұмысы	Тақырыбы: «Дұрыс күн тәртібі – дені сау баланың кепілі» Кеңес: күн тәртібін сақтау. «Алтын күз» мерекесіне ата-аналарды қатыстыру. Балалардың денсаулығын нығайту жөнінде ұсыныстар. Алтын оқу қызметіне қатыстыру	Тәрбиешілер Тәрбиеленушілер	Баланың денсаулығын нығайту. Күн тәртібінің маңызын түсіндіру.
Балабақша өміріне ата-аналардың қатысуы	Ертеңгілікке дайындық «Арайлы Алтын күз» Көрме дайындау.	Тәрбиешілер. Ата-аналар	Ертеңгілік

Қараша

Жеке жұмыс түрлері	Тақырыбы: «Баланың тілін дамытудағы отбасының ролі» Баяндама. Үйде кітап оқу мәдениеті туралы кеңес. Логикалық ойындар ұсыну. Жеке әңгімелесу	Тәрбиешілер. Тәрбиеленушілер	Ата-аналарды ұйымдастырылған-іс әрекетімен таныстыру.
Ұйымдастыру-насихаттау жұмысы	«Ертегілер еліне саяхат» (балалармен жұмыс)	Тәрбиешілер	Ертегі бұрышына саяхат
Балабақша өміріне ата-аналардың қатысуы	«Кітап біздің досымыз»	Тәрбиешілер. Ата-аналар	Кітап бұрышына саяхат

Желтоқсан

Жеке жұмыс түрлері	Тақырыбы: «Жаңа жыл – қуаныш мерекесі» Жаңа жыл мерекесіне дайындық. Қолөнер көрмесін ұйымдастыру. Қысқы қауіпсіздік туралы жадынама. Ортақ мерекелік іс-шара.	Мұқа жетекшісі Тәрбиешілер.	Ортақ мерекелік іс-шара ұйымдастыру.
Ұйымдастыру-насихаттау жұмысы	«Спорт біздің досымыз» (жаттығулар) «Бағдаршам тілін ұғып тыңда»	Тәрбиешілер. Дене шынықтыру нұсқаушысы	Қимылды жаттығулар
Балабақша өміріне ата-аналардың қатысуы	«Жаңа жылдық» көрме дайындау.	Тәрбиешілер. Ата-аналар	Жаңа жылдық көрме ұйымдастыру.

Қаңтар

Бірлескен ұжымдық жұмыс	Ата аналар жиналысы №2 Тақырыбы: «Баланың танымдық қабілетін дамыту» Дөңгелек үстел. Дамытушы ойындар туралы кеңес. Психологтың ұсыныстары. Жеке кеңестер	Тәрбиешілер.	Баланың тілін дамытудағы отбасының рөлін түсіндіру.
Жеке жұмыс түрлері	«Қыс қызығы» (далада серуендеу) «Ақ серек, көк серек» ұлттық ойыны	Тәрбиешілер.	Серуен шығу Ойын ұйымдастыру.
Балабақша өміріне ата-аналардың қатысуы	«Қыс қызығы» (көрме)	Ата аналар Тәрбиешілер.	Көрме ұйымдастыру.
Ақпан			
Жеке жұмыс түрлері	Тақырыбы: «Әкенің бала тәрбиесіндегі рөлі» «Әкелер мектебі» іс-шарасы. Спорттық сайыс «Әке және мен». Әкелермен кездесу.	Тәрбиешілер.	Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы ақпарат беру.
Ұйымдастыру-насихаттау жұмысы	Отбасылық құндылықтарды насихаттау «Жолдан абайлап өтеміз» (қауіпсіздік ережелері)	Тәрбиешілер	Ойын ұйымдастыру.
Балабақша өміріне ата-аналардың қатысуы	«Өрттен сақ болыңыз» (түсіндірме жұмыс)	Тәрбиешілер. Ата аналар	Өрт туралы суреттер ұйымдастыру.
Наурыз			
Жеке жұмыс түрлері	Тақырыбы: «Отбасы – тәрбие бесігі» Аналар мерекесіне арналған кеш. Отбасылық шығармашылық көрме. Ұлттық тәрбие туралы әңгіме. Ата-аналармен пікір алмасу	Тәрбиешілер	Кеңес

Ұйымдастыру-насихаттау жұмысы	«8-наурыз Аналар мерекесі» дайындық «Анам өмір шуағы» мерекесіне ата аналарды қатыстыру.	Тәрбиешілер Ата-аналар	Аналар мен бала ынтымақтастығын қалыптастыру.
Балабақша өміріне ата-аналардың қатысуы	22-наурыз «Армысың, Өз-Наурыз»мерекесі ертеңгілік.	Тәрбиешілер. Ата-аналар	Отбасылық құндылықтарды насихаттау.
Сәуір			
Жеке жұмыс түрлері	Тақырыбы: «Мектепке дайындық – ортақ міндет» Ата-аналар жиналысы. Баланың мектепке психологиялық дайындығы. Үйде дайындық жұмыстарын ұйымдастыру. Мүғалімдердің кенестері	Тәрбиешілер	Ата-аналардың пікірін анықтау.
Ұйымдастыру-насихаттау жұмысы	«Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған қауіпсіздік ережелері»	Тәрбиешілер	Түсіндірме іс-әрекет ұйымдастыру.
Балабақша өміріне ата-аналардың қатысуы	«Толағай» отбасылық сайыс	Тәрбиешілер. Ата аналар	Отбасылық құндылықтарды насихаттау.
Мамыр			
Бірлескен ұжымдық жұмыс	Ата-ана жиналысы №3 «Оқу жылының қорытындысы. Тақырыбы: «Бір жылдық жұмыстың қорытындысы» Қорытынды ата-аналар жиналысы. Балалардың жетістіктерін талдау. Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік туралы кеңес. Ата-аналарға алғыс хаттар табыстау. Мектепке шығарып салу мерекесі	Тәрбиешілер. Ата-аналар	Ата-аналар жиналысының күн тәртібі
Жеке жұмыс түрлері	«Кім епті, кім жылдам» (шынықтыру жаттығулары)	Тәрбиешілер.	жаттығулар

Ұйымдастыру-насихаттау жұмысы	«Балапандар оянды» (ұйқыдан тұрғаннан кейінгі сауықтыру жаттығу)	Тәрбиешілер.	жаттығу
Балабақша өміріне ата-аналардың қатысуы	Даладағы аландарды безендіру.	Тәрбиешілер. Ата-аналар	Ата-аналардың балабақша тазалығына белсене қатысуы.

Бекітемін: Аса
МКҚК №1 "Күншуақ"
бөбекжай-балабақшасы
Әдіскер: Асанова Л.М

Ата-аналар жиналысы
Баяндама: «Балабақша мен отбасы – бала тәрбиесіндегі бірлік негізі»
"Балдаурен" мектепалды тобы

Баяндама

Тақырыбы: «Балабақша мен отбасы – бала тәрбиесіндегі бірлік негізі»

Бала тәрбиесі – әрбір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның маңызды міндеті. Бала дүниеге келген сәттен бастап оның алғашқы ұстазы – ата-анасы болса, балабақша – оның тұлға болып қалыптасуына ықпал ететін алғашқы білім беру ортасы. Сондықтан балабақша мен отбасының өзара ынтымақтастығы – баланың жан-жақты дамуының негізгі кепілі.

Бала тәрбиесі бір күнде немесе бір жылда қалыптаспайды. Ол үздіксіз жүргізілетін күрделі де жауапты процесс. Баланың мінез-құлқы, сөйлеу мәдениеті, үлкенге құрметі, кішіге қамқорлығы, еңбекке деген көзқарасы, білімге құштарлығы ең алдымен отбасында қалыптасады. Ал балабақша осы тәрбиені толықтырып, әрі қарай дамытады.

Егер отбасы мен балабақша бір бағытта жұмыс жасаса, бала өзін қауіпсіз сезінеді, тәртіпті болады, өзіне деген сенімділігі артады және жаңа білімді оңай қабылдайды. Ал тәрбие талаптары әртүрлі болған жағдайда балада түсінбеушілік пайда болып, тәртіпке, қарым-қатынасқа кері әсер етуі мүмкін.

Балабақшадағы тәрбиенің басты мақсаты – дені сау, білімге құштар, мәдениетті, еңбеккер, отансүйгіш, адамгершілігі мол тұлға тәрбиелеу. Бұл мақсатқа тек тәрбиешінің еңбегімен ғана жету мүмкін емес. Міндетті түрде ата-ананың қолдауы мен белсенді қатысуы қажет. Қазіргі уақытта ата-аналардың көбі жұмыспен айналысатындықтан, балалармен бірге өткізетін уақыт азайып барады. Бірақ балаға ең қерегі – қымбат ойыншық емес, ата-анасының махаббаты, жылы сөзі, бірге өткізген уақыты.

Сондықтан ата-аналарға мынадай ұсыныстарды айтқымыз келеді:

Баламен күн сайын әңгімелесуге уақыт бөліңіз;

Баланың жетістігін мадақтап, қателігін сабырмен түсіндіріңіз;

Телефон мен теледидардың алдында ұзақ отырғызбаңыз;

Кітап оқуға, сурет салуға, ойын арқылы дамытуға көңіл бөліңіз;

Балабақша тәртібін үйде де қолдаңыз;

Баланың сұрақтарына жауап беріп, пікірін тыңдаңыз;

Баланы басқа балалармен салыстырмаңыз;

Өз мінез-құлқыңызбен жақсы үлгі болыңыз.

Балабақша мен отбасының байланысын нығайту мақсатында түрлі жұмыстар ұйымдастырылады. Олар:

Ата-аналар жиналыстары;

Ашық оқу қызметтері;

Кеңестер мен семинарлар;

Отбасылық мерекелер;

Спорттық жарыстар;

Шеберлік сағаттары;

Көрмелер мен шығармашылық байқаулар;

Ашық есік күндері;

Әкелер және аналар мектебі жұмыстары;

Жеке кеңес беру.

Осындай іс-шаралар арқылы ата-аналар баласының жетістігін көріп, тәрбиешілермен тығыз байланыс орнатады. Бұл өз кезегінде бала тәрбиесінің сапасын арттырады.

Қазақ халқы «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деп бекер айтпаған. Бала – отбасының айнасы. Ол үлкендердің әрбір іс-әрекетін қайталайды. Сондықтан үлкендердің сөзі мен ісі әрдайым үйлесімді болуы қажет.

Балаға мейірім, сүйіспеншілік, қамқорлық, тәртіп және дұрыс бағыт беру – ата-ана мен тәрбиешінің ортақ міндеті. Біздің мақсатымыз – тек білімді ғана емес, адамгершілігі жоғары, елін сүйетін, мәдениетті, еңбекқор ұрпақ тәрбиелеу.

Қорытындылай келе, отбасы мен балабақша бірлесе жұмыс істеген жағдайда ғана тәрбиенің нәтижесі жоғары болады. Бір-бірімізге сенім артып, өзара түсіністікпен әрекет етсек, балаларымыздың жарқын болашағына берік негіз қалаймыз.

Назар қойып тыңдағандарыңызға рақмет!

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылындағы міндеттері және мектепалды топтың ерекшеліктері»
Құрметті ата-аналар!

Сіздерді жаңа 2023–2024 оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын! Бүгінгі ата-аналар жиналысының мақсаты – жаңа оқу жылындағы жұмыс бағыттарымен таныстыру, мектепалды топтың ерекшеліктерін түсіндіру және бала тәрбиесіндегі балабақша мен отбасының бірлескен жұмысының маңыздылығын атап өту. Мектепалды топ – баланың өміріндегі ең маңызды кезеңдердің бірі. Бұл кезеңде бала мектепке жан-жақты дайындалып, танымдық қабілеті, ойлау жүйесі, сөйлеу мәдениеті, шығармашылығы, дербестігі мен қарым-қатынас жасау дағдылары қалыптасады. Сондықтан тәрбиеші мен ата-ананың бірлескен еңбегі баланың болашақтағы оқу жетістігінің берік негізін қалайды.

Жаңа оқу жылындағы негізгі міндеттер:

Жаңа оқу жылында біздің алдымызда мынадай міндеттер тұр:

Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту;

Қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру;

Мектепке психологиялық, әлеуметтік және интеллектуалдық тұрғыдан даярлау;

Сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорын молайту және өз ойын еркін жеткізуге үйрету;

Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;

Сауат ашуға дайындық жұмыстарын жүргізу;

Қоршаған ортамен таныстыру, табиғатты аялауға тәрбиелеу;

Ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрді құрметтеуге баулу;

Шығармашылық қабілеттерін дамыту;

Өз бетінше әрекет етуге, жауапкершілікке және тәртіпке тәрбиелеу.

Мектепалды топтың ерекшеліктері:

Мектепалды топтағы балалардың жасы шамамен 5 жас аралығын қамтиды. Бұл кезеңде олардың есте сақтау қабілеті, зейіні, қиялы мен логикалық ойлауы қарқынды дамиды. Балалар жаңа білімді қызығушылықпен қабылдап, сұрақ қоюға, ізденуге бейім болады. Мектепалды даярлықтың басты ерекшелігі – баланы мектеп бағдарламасын оқыту емес, мектепте табысты білім алуға қажетті дағдыларды қалыптастыру.

Бұл топта балалар:

тыңдай білуге;

тапсырманы соңына дейін орындауға;

өз ойын анық жеткізуге;

топпен жұмыс жасауға;

өзіне-өзі қызмет көрсетуге;

ұқыптылық пен жауапкершілікке;

оқу әрекетіне қызығушылық танытуға үйренеді.

Ата-ананың рөлі:

Баланың мектепке дайындығы тек балабақшадағы жұмыспен шектелмейді. Үйдегі қолдау мен дұрыс тәрбие де үлкен рөл атқарады. Сондықтан ата-аналардан:

баланың күн тәртібін сақтау;

уақытылы балабақшаға әкелу;

кітап оқуға қызығушылығын арттыру;

сурет салу, жапсыру, құрастыру сияқты жұмыстармен айналысуына жағдай жасау;
баламен күн сайын әңгімелесу;
жетістігін мадақтап, өзіне деген сенімін қалыптастыру;
тәрбиешімен тығыз байланыста болу сұралады.

Қорытынды:

Құрметті ата-аналар!

Бала тәрбиесі – ортақ іс. Балабақша мен отбасы бірлесе жұмыс істегенде ғана баланың жан-жақты дамуына қол жеткіземіз. Біздің ортақ мақсатымыз – білімге құштар, тәрбиелі, дені сау, ұлттық құндылықтарды құрметтейтін және мектепке толық дайын баланы тәрбиелеу.

Жаңа оқу жылында өзара ынтымақтастық пен түсіністік негізінде жұмыс жасап, балаларымыздың жарқын болашағына бірге үлес қосамыз деп сенемін.

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ

ХАТТАМАСЫ №1

«БАЛАБАҚША МЕН ОТБАСЫ – БАЛА ТӘРБИЕСІНІҢ НЕГІЗІ»

Өткізілген күні: 20.09.2023 жыл

Өткізілген орны: Музыка залы

Тобы: «Балдаурен»

Тақырыбы: «Балабақша мен отбасы – бала тәрбиесінің негізі»

Қатысқандар: 15 ата-ана.

Қатыспағандар: 10 ата-ана.

Күн тәртібі:

Балабақша мен отбасының бала тәрбиесіндегі бірлескен жұмысының маңыздылығы.

Балалардың тәрбиесі мен қауіпсіздігі туралы мәселелер.

Ата-аналармен жүргізілетін ынтымақтастық жұмыстары.

Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Жиналысты топ тәрбиешісі Орынбаева Э.Т ашып, ата-аналарды қарсы алып, күн тәртібімен таныстырды.

Бірінші мәселе бойынша, тәрбиеші сөз сөйлеп, отбасы – баланың алғашқы тәрбиелік ортасы екенін, ал балабақша сол тәрбиені жалғастыратын білім мен тәрбие мекемесі екенін айтты. Бала бойындағы адамгершілік, әдептілік, еңбекқорлық, жауапкершілік, мейірімділік сияқты қасиеттер отбасы мен балабақшаның бірлескен еңбегі арқылы қалыптасатыны түсіндірілді.

Баланың күн тәртібін сақтау, дұрыс тамақтануы, жеке бас тазалығы, мәдениетті сөйлеуі, үлкенді құрметтеуі, қауіпсіздік ережелерін білуі жөнінде ата-аналарға ұсыныстар берілді. Екінші мәселе бойынша, балалардың денсаулығын сақтау, балабақшаға уақытында әкелу, себепсіз қалдырмау, маусымға сай киіндіру, қауіпсіздік талаптарын сақтау туралы айтылды.

Үшінші мәселе бойынша, ата-аналардың балабақша өміріне белсенді қатысуы, мерекелерге, ашық оқу қызметтеріне, көрмелер мен байқауларға қатысуының маңызы түсіндірілді. Сонымен қатар, ата-аналармен тұрақты байланыс орнату, ұсыныс-пікірлерін тыңдау қажеттігі айтылды.

Сөйледі:

Ата-аналар өз пікірлерін білдіріп, балабақша ұжымына алғыстарын айтты. Балалардың жан-жақты дамуы үшін бірлесе жұмыс істеуге дайын екендерін жеткізді. Кейбір ата-аналар балалардың сөйлеу мәдениетін дамыту, кітап оқуға қызығушылығын арттыру және үйде тәрбиелік ойындарды көбірек ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар айтты.

Қаулы:

Балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Балалардың тәрбиесі мен қауіпсіздігіне ата-аналардың жауапкершілігін арттыру.

Баланың күн тәртібін үйде де тұрақты сақтау.

Балабақшада өткізілетін барлық іс-шараларға белсенді қатысу.

Баланың бойында ұлттық құндылықтарды, әдептілік пен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру бағытында бірлескен жұмыстар жүргізу.

Балалардың денсаулығын бақылап, сырқаттанған жағдайда балабақшаға әкелмеу.

Балабақша мен ата-ана арасындағы байланысты үнемі сақтап, тәрбиешінің ұсыныстарын орындау.

Жиналыс төрағасы: Некрасова Д.

Хатшы: Курганбекова А

Тәрбиеші: Орынбасва Э.Т

Қолы:



Ата-аналар жиналысы



Бекітемін: Аса
МККК №1 "Күншуақ"
бөбекжай-балабақшасы
Әдіскер: Асанова Л.М

Ата-аналар жиналысы
Баяндама: «Баланың танымдық қабілетін дамыту»
"Балдаурен" мектепалды тобы

2023-2024 оқу жылы

Баяндама.

Тақырыбы: «Баланың танымдық қабілетін дамыту»

Мақсаты: Ата-аналарға баланың танымдық қабілетін дамыту жолдарын түсіндіру, отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Міндеттері: Баланың танымдық қабілетінің маңызын түсіндіру;

Үй жағдайында қолданылатын тиімді әдістермен таныстыру;

Ата-аналардың бала тәрбиесіне жауапкершілігін арттыру;

Балабақша мен отбасының бірлескен жұмысын күшейту.

Көрнекіліктер:

Презентация, мақал-мәтелдер, суреттер, дидактикалық ойындар, жадынамалар.

Жиналыс барысы:

Кіріспе бөлім.

Құрметті ата-аналар!

Сіздерді бүгінгі жиналысымызда көргенімізге қуаныштымыз. Бүгінгі кездесуіміздің тақырыбы – «Баланың танымдық қабілетін дамыту».

Әрбір бала – қайталанбас тұлға. Оның дүниені танып-білуге деген қызығушылығы туған күнінен басталады. Баланың ақыл-ойының, тілінің, есте сақтау қабілетінің, қиялы мен шығармашылығының дұрыс дамуына ең алдымен отбасы, кейін балабақша ықпал етеді. Сондықтан екі жақтың бірлескен еңбегі өте маңызды.

Баяндама.

«Баланың танымдық қабілетін дамыту – отбасы мен балабақшаның ортақ міндеті»

Құрметті ата-аналар!

Баланың танымдық қабілеті – оның қоршаған ортаны танып-білуге, ойлануға, салыстыруға, есте сақтауға, сұрақ қоюға және жаңа білімді меңгеруге деген мүмкіндігі. Бұл қабілет мектепке дейінгі кезеңде қарқынды дамиды.

Баланың алғашқы ұстазы – ата-анасы. Отбасындағы жылы қарым-қатынас, ата-ананың қамқорлығы мен қолдауы баланың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Баламен сөйлесу, кітап оқу, бірге сурет салу, табиғатты бақылау, ойын ойнау – танымдық қабілетті дамытудың ең қарапайым әрі тиімді жолдары.

Балабақшада балалар ойын арқылы үйренеді. Тәрбиеші әр баланың жас ерекшелігіне сай тапсырмалар беріп, олардың ойлауын, есте сақтауын, тілін және шығармашылығын дамытады. Алайда балабақшадағы жұмыс үйде жалғасқанда ғана жақсы нәтиже береді. Баланың «Неге?», «Қалай?», «Не үшін?» деген сұрақтарына шыдамдылықпен жауап беру қажет. Бұл оның ізденімпаздығын арттырады. Балаға дайын жауап бермей, өздігінен ойлануға мүмкіндік берген дұрыс.

Үйде баламен бірге пазл құрастыру, құрылыс ойындарын ойнау, ертегі оқу, ертегіні әңгімелету, жанылтпаш пен жұмбақ айту, түстерді, пішіндерді, сандарды қайталау – танымдық дамудың тиімді тәсілдері.

Сонымен қатар баланың жетістігін мақтап, жіберген қателігі үшін қатты жазғырмай, қолдау көрсету маңызды. Баланың өзіне деген сенімі артқан сайын жаңа нәрсені үйренуге деген қызығушылығы да күшейеді.

Қазіргі таңда балалар телефон мен теледидар алдында көп уақыт өткізеді. Сондықтан экран уақытын шектеп, оның орнына кітап оқуға, шығармашылық жұмыстарға, қозғалыс ойындарына және таза ауадағы серуенге көбірек көңіл бөлген жөн.

Құрметті ата-аналар!

Баланың жарқын болашағы – біздің ортақ еңбегіміздің нәтижесі. Отбасы мен балабақша бірлесе әрекет еткенде ғана бала білімді, тәрбиелі, ізденімпаз және жан-жақты дамыған тұлға болып қалыптасады.

Назарларыңызға рақмет!

Ата-аналарға кеңес

Балаңыздың әрбір сұрағына жауап беруге тырысыңыз.

Күн сайын бірге кітап оқыңыз.

Телефонды ойыншықтың орнына пайдаланбаңыз.

Баланы мақтап, жетістігін бағалаңыз.

Бірге сурет салыңыз, мүсіндеңіз, құрастырыңыз.

Табиғат аясында серуендеп, айналаны бақылаңыз.

Баланың пікірін тыңдап, ойын еркін жеткізуіне мүмкіндік беріңіз.

Балабақшадағы тәрбиелік жұмыстарды үйде жалғастырыңыз.

Қорытынды.

Құрметті ата-аналар!

Баланың жан-жақты дамуы – сіз бен біздің ортақ мақсатымыз. Ынтымақтастық пен өзара түсіністік болған жағдайда ғана балаларымыздың болашағы жарқын болады. Бүгінгі жиналысқа қатысқандарыңыз үшін алғыс білдіреміз. Отбасыларыңызға амандық, балаларыңызға зор денсаулық, білім мен бақыт тілейміз!

Ата-аналар жиналысының Хаттамасы №2

Тақырыбы: «Баланың танымдық қабілетін дамыту»

Өткізілген күні: 24.01.2024 жыл

Өткізілген орны: Музыка залы.

Тобы: «Балдаурен»

Тәрбиеші: Орынбаева Э.Т

Қатысқан ата-аналар саны: 17

Қатыспағандар ата-аналар саны: 8

Күн тәртібі:

«Баланың танымдық қабілетін дамыту» тақырыбында баяндама.

Баланың ойлау, есте сақтау, зейінін және тілін дамыту жолдары.

Балабақша мен отбасының бірлескен жұмысы.

Ата-аналардың пікірлері, ұсыныстары.

Қорытынды және қабылданған шешімдер.

Тыңдалды:

Жиналысты тәрбиеші ашып, ата-аналарды күн тәртібімен таныстырды.

Бірінші мәселе бойынша тәрбиеші «Баланың танымдық қабілетін дамыту» тақырыбында баяндама жасады. Баяндамада баланың танымдық қабілеті – оның қоршаған ортаны танып-білуі, ойлауы, есте сақтауы, зейіні, қиялы, тілінің дамуы және өздігінен ізденуі екендігі айтылды.

Баланың танымдық дамуы ең алдымен отбасында қалыптасатыны, ата-ананың күнделікті қарым-қатынасы, бірге кітап оқу, ертегі айту, түрлі ойындар ұйымдастыру, сурет салу, құрастыру, табиғатты бақылау сияқты әрекеттер баланың жан-жақты дамуына ықпал ететіні түсіндірілді.

Сонымен қатар балаға сұрақ қоюға мүмкіндік беру, оның әрбір сұрағына сабырмен жауап беру, жаңа дүниелерді таныстыру, баланың ойын тыңдау, өз пікірін еркін айтуына жағдай жасау қажеттігі атап өтілді.

Тәрбиеші балалардың танымдық қабілетін дамыту үшін балабақшада өткізілетін дидактикалық ойындар, тәжірибелер, шығармашылық жұмыстар, логикалық тапсырмалар мен дамытушы оқу қызметтері туралы мәлімет берді.

Сөз сөйлегендер:

Ата-аналар тәрбиешінің баяндамасын қызығушылықпен тыңдап, өз ойларын ортаға салды.

Ата-аналар балалардың үйде телефон мен теледидар алдында өткізетін уақытын азайтып, олардың орнына кітап оқу, үстел ойындарын ойнау, сурет салу, бірге серуендеу және табиғатты бақылау жұмыстарын көбейту керектігін айтты.

Кейбір ата-аналар балалардың есте сақтауын дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар жөнінде сұрақтар қойып, тәжірибе алмасты.

Тәрбиеші барлық сұрақтарға жауап беріп, ата-аналарға баламен күн сайын кемінде 20–30 минут сапалы уақыт өткізуге, бірге әңгімелесуге және дамытушы ойындарды тұрақты ұйымдастыруға кеңес берді.

Қаулы:

«Баланың танымдық қабілетін дамыту» тақырыбындағы баяндама назарға алынсын.

Ата-аналар үй жағдайында баланың ойлау, есте сақтау, зейін және сөйлеу қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстарды жүйелі түрде жүргізісін.

Балалардың ұялы телефон, планшет және теледидар пайдалану уақытын бақылау ұсынылсын.

Күн сайын баламен кітап оқу, әңгімелесу, логикалық және дидактикалық ойындар ұйымдастыру қолға алынсын.


Балабақша мен отбасының ынтымақтастығы нығайтылып, тәрбиелік жұмыстар бірлесіп жүргізілсін.

Тәрбиеші ата-аналарға танымдық қабілетті дамытуға арналған әдістемелік кеңестерді тұрақты түрде ұсынып отырсын.

Жиналыс төрайымы: Некрасова Д

Хатшы: Курганбекова А

Тәрбиеші: Орынбаева Э.Т

Қолы: 

Ата-аналар жиналысы



Бекітемін: Асаф
МКҚК №1 "Күншуақ"
бөбекжай-балабақшасы
Әдіскер: Асанова Л.М

Ата-аналар жиналысы
Баяндама: «2023–2024 оқу жылының қорытындысы»
"Балдаурен" мектепалды тобы

2023-2024 оқу жылы

2023–2024 оқу жылының бір жылдық жұмыстың қорытындысы. Баяндама

Құрметті ата-аналар!

Бүгінгі жиналысымыздың мақсаты – 2023–2024 оқу жылының қорытындысын шығарып, балалардың жетістіктерімен бөлісу, алдағы оқу жылына қойылатын міндеттерді талқылау.

Өткен оқу жылы балабақша тәрбиеленушілері үшін мазмұнды, қызықты әрі нәтижелі болды. Жыл бойы балалардың жан-жақты дамуына, денсаулығын нығайтуға, шығармашылық қабілеттерін ашуға және мектепке дейінгі білім беру стандартының талаптарын орындауға бағытталған жұмыстар жүйелі түрде жүргізілді.

Балалар күн сайын ұйымдастырылған оқу қызметтеріне белсенді қатысты. Тіл дамыту, көркем әдебиет, сауат ашу негіздері, математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру, шығармашылық, музыка және дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеттер арқылы олардың танымдық, шығармашылық және коммуникативтік қабілеттері дамытылды.

Оқу жылы барысында балалардың сөздік қоры молайып, өз ойын еркін жеткізуге дағдыланды. Олар ертегілерді тыңдап, мазмұнын айтып беруді, тақпақтарды мәнерлеп оқуды, сұрақтарға толық жауап беруді үйренді. Сонымен қатар қарапайым математикалық ұғымдарды меңгеріп, заттарды салыстыру, санау, түстер мен пішіндерді ажырату дағдылары қалыптасты. Шығармашылық жұмыстар барысында сурет салу, мүсіндеу, жапсыру және құрастыру арқылы балалардың қиялы мен эстетикалық талғамы дамыды. Музыка сабақтарында ән айтып, би билеп, музыкалық ойындарға қатысып, өнерге деген қызығушылықтары артты.

Дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен спорттық ойындар балалардың денсаулығын нығайтып, қимыл-қозғалыс белсенділігін дамытуға ықпал етті. Сонымен бірге қауіпсіздік ережелері, жеке бас гигиенасы және салауатты өмір салты туралы түсініктері кеңейді.

Жыл бойы мемлекеттік және ұлттық мерекелерге арналған іс-шаралар ұйымдастырылды. Балалар мерекелік концерттерге, көрмелерге, ашық сабақтарға және түрлі байқауларға белсенді қатысты. Осындай шаралар олардың өнерге қызығушылығын, өзіне деген сенімін және ұжымда жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырды.

Тәрбие жұмыстары барысында балаларды адамгершілікке, достыққа, үлкенді құрметтеуге, табиғатты қорғауға, Отанды сүйуге тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлінді.

Құрметті ата-аналар!

Баланың тәрбиесі мен дамуы – балабақша мен отбасының бірлескен еңбегінің нәтижесі. Сіздердің қолдауларыңыздың арқасында көптеген жақсы нәтижелерге қол жеткіздік. Балалардың іс-шараларға белсенді қатысуына, үй тапсырмаларын орындауға, тәрбиешілермен тығыз байланыста болғандарыңызға шынайы алғысымызды білдіреміз.

Алдағы оқу жылында да балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, сөйлеу мәдениетін жетілдіру, мектепке жан-жақты дайындау жұмыстарын жалғастырамыз. Бұл жолда сіздердің қолдауларыңыз бен ынтымақтастықтарыңыз біз үшін өте маңызды.

Қорытындылай келе, оқу жылының табысты аяқталуымен баршаңызды құттықтаймын! Балаларымыздың дені сау, білімге құштар, тәрбиелі болып өсуіне бірге еңбек ете берейік.

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ №3

2023–2024 оқу жылының бір жылдық жұмыстың қорытындысы.

Тобы: «Балдаурен»

Оқу жылы: 2023–2024 оқу жылы.

Күні: 20.05.2024 оқу жылы.

Өткізілген орны: Музыка залы.

Қатысқандар ата-аналар: 20

Қатыспағандар: 5

Топ тәрбиешісі: Ғырымбаева Э.Т

КҮН ТӘРТІБІ:

2023–2024 оқу жылының қорытындысы.

Балалардың оқу жылы ішіндегі жетістіктері.

Жазғы сауықтыру кезеңінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Ата-аналармен кері байланыс, сұрақтар мен ұсыныстар.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша:

Тәрбиеші 2023–2024 оқу жылының қорытындысы туралы баяндама жасады.

Жыл бойы ұйымдастырылған оқу қызметтері мемлекеттік стандартқа сәйкес жүргізілгені айтылды. Балалардың танымдық, тілдік, шығармашылық, әлеуметтік және дене дамуы бағытында жоспарлы жұмыстар атқарылғаны баяндалды. Балалардың ұйымдастырылған іс-әрекет қызметіне белсенді қатысып, түрлі мерекелік іс-шараларда, байқауларда, ертеңгіліктерде өз өнерлерін көрсеткені атап өтілді.

Екінші мәселе бойынша:

Тәрбиеші балалардың жеке жетістіктеріне тоқталды. Жыл соңында тәрбиеленушілердің сөздік қорының артқаны, өз ойын еркін жеткізе алатыны, қарапайым математикалық түсініктерді меңгергені, шығармашылық қабілеттерінің дамығаны айтылды. Балалардың өздігінен әрекет ету, достарымен қарым-қатынас жасау, тәртіп сақтау дағдыларының қалыптасқаны туралы ақпарат берілді.

Үшінші мәселе бойынша:

Жаз мезгілінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Ата-аналарға балалардың күннің ыстық уақытында ұзақ уақыт сыртта қалдырмау, бас киім кигізу, жеткілікті мөлшерде су беру, жол қозғалысы ережелерін сақтау, су айдындарында балаларды қараусыз қалдырмау, терезе қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жеке бас гигиенасын сақтау туралы кеңестер берілді.

Төртінші мәселе бойынша:

Ата-аналар өз пікірлері мен ұсыныстарын білдіріп, тәрбиешілерге оқу жылы бойы атқарған еңбектері үшін алғыстарын жеткізді. Балалардың жетістіктеріне қуаныштарын білдіріп, алдағы уақытта да балабақшамен тығыз байланыста болуға дайын екендерін айтты.

Бесінші мәселе бойынша:

Тәрбиеші жаңа оқу жылына қажетті құжаттарды уақытында тапсыру, балалардың денсаулығын бақылау, күн тәртібін сақтау және баланы жаңа оқу жылына психологиялық тұрғыдан дайындау жөнінде ақпарат берді.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ.

2023–2024 оқу жылының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.

Балалардың жан-жақты дамуына бағытталған жұмыстар келесі оқу жылында да жалғастырылсын.

Жазғы демалыс кезінде балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету ата-аналардың басты міндеті екені назарға алынсын.


Балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайту жалғастырылсын.

Жаңа 2024–2025 оқу жылына дайындық жұмыстары уақытылы ұйымдастырылсын.

Жиналыс төрайымы: Некрасова Д

Хатшы: Курганбекова А

Тәрбиеші: Орынбаева Э.Т

Қолы: 

Ата – аналар жиналысы

